

V халықаралық Фараби оқулары жоғары деңгейде өтті

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да 4-15 сәуір аралығында өткен дәстүрлі V халықаралық Фараби оқуларының қорытынды жиналысы өтті.



ҚазҰУ ректоры Ғалым Мұтановтың бастамасымен қатарынан бесінші жыл өткізіліп отырған Фараби оқулары Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы аясында өтті. Конференция атакты ойшыл, Әлемнің екінші ұстазы атанған әл-Фарабидің философиялық ой-пікірлерін, жазған кітаптарын, бай мұрасын жан-жақты зерделеуге бағытталған. Ерекше айта кетерлігі, Фараби оқуларының ауқымдылығы жыл өткен сайын кеңейіп, шараға шетелдіктердің қызығушылығы артып келеді. Биыл форумның ашылу салтанатына әлемнің 30-дан астам елінен шетелдік ғалымдар келді, сонымен қатар еліміздің ЖОО-лары мен ғылыми мекемелерінің өкілдері қатысты.

ҚазҰУ ректоры Ғалым Мұтанов: «Бүгінгі техника мен технология қарыштап дамыған заманда әл-Фараби мұрасы ерекше құндылығымен адамзатқа әсер етуде. Өйткені техника адамдарға керемет мүмкіндіктерді ашқанмен, зиянын да әкелуі мүмкін. Сондықтан сана мен руханияты тепе-теңдікте ұстай білу өте маңызды. Осы тұрғыдан келгенде әл-Фараби барша адамзатқа сананың ең биік қозғаушы күші руханият пен адамгершілік болуы керектігін, олай болмаған күнде әлем жаһандық апатқа ұшырап, бар құндылығымыздан айырылып қалуымыз мүмкін екендігін айтқан екен. Демек, әл-Фараби мұрасы жас ұрпақты білім мен адамгершілік ұғымын қатар алып жүруге шақырады», – деп атап өтті.

Халықаралық форум аясында 17 ірі халықаралық шаралар, ғылыми конференциялар мен дөңгелек үстелдер, семинарлар мен инновациялық жобалардың байқауы өтті. Қорытынды жиналыста студенттер мен жас ғалымдарға арналған «Фараби әлемі» атты халықаралық ғылыми конференция туралы Ғылым және инновациялық қызмет жөніндегі департамент директоры Серік Мұхамбетжанов баяндама жасады. Дәстүрлі түрде жыл сайын өтіп келе жатқан студенттер мен жас ғалымдардың «Фараби әлемі» атты халықаралық конференциясына 6325-ге жуық студенттер мен жас ғалымдар қатысқан. Олардың

ішінде 583 қатысушы еліміздің ЖОО-ларынан болса, 301 қатысушы алыс-жақын шетелдерден келген, атап айтар болсақ, Нидерланды, АҚШ, Корея, Қытай, Ресей, т.б.

«Фараби әлемі» аясында факультеттерде 117 секция жұмыс жасап, 191-ге жуық дөңгелек үстелдер мен ғылыми семинарлар өтті. Ал жас ғалымдар байқауына 72 инновациялық жоба ұсынылып, жүзден жүйрік мыңнан тұлпар шыққан жеңімпаздар диплом және ақшалай сыйлықтармен марапатталды. Солардың ішінде ерекше атап өтетін инновациялық жоба – механика-математика факультеті студенттері құрастырған «Гуманоид-робот», яғни әмбебап робот көпшіліктің қызығушылығын туғызды. Адамға тән іс-қимылдардың барлығын жасай алатын «Гуманоид-робот» болашақта ҚазҰУ-дың «Керемет» студенттерге қызмет көрсету орталығында қызметкерлермен бірге студенттердің сұрақтарына жауап беретін болады.

Сондай-ақ жиында V халықаралық Фараби оқулары бойынша есеп берген факультет декандары мен жауапты тұлғалардың баяндамалары тыңдалды.

Фараби оқулары аясында өткен ірі шаралардың бірі – Оңтүстікте тұрақты даму үшін ғылым мен технология бойынша комиссиясының («COMSATS») XXI-ші отырысы. Аталмыш халықаралық үкіметаралық ұйым кеңесінің отырысы Қазақстанда және посткеңестік кеңістікте алғаш рет өткізілді. ҚазҰУ 2015 жылдан бері аталмыш халықаралық ұйымның ТМД-дағы жалғыз мүшесі болып табылады.

Ұлы ойшылдың 1150 жылдық мерейтойын 2020 жылы ЮНЕСКО деңгейінде атап өтуді мақсат етіп отырған ҚазҰУ әл-Фараби мұрасын зерттеу бойынша Фараби оқулары атты аса ауқымды шараны атқарып отыр. Одан бөлек ғалымның кітаптары жарық көріп, мұражай ашылды, сондай-ақ «Al-Farabi university smart city» жобасы жүзеге асырылуда. Әлемнің екінші ұстазы атанған дара да дана тұлға әл-Фараби мұрасы жылдар жылжып, заман қанша өзгеріске ұшыраса да өзінің өзектілігін ешқашан жоғалпақ емес.

Перизат ЖАРЫЛҚАСЫНОВА

ФОРУМ ЖУРНАЛИСТИКИ

В рамках V Международных Фарабиевских чтений при содействии Бюро ЮНЕСКО в Казахском национальном университете им. аль-Фараби прошел форум на тему: «Прогресс в применении модели учебных программ ЮНЕСКО по обучению журналистике: их вклад в устойчивое развитие».

В 2017 году по инициативе кафедр журналистики вузов, МОН РК создало Клуб Alma-Mater of Journalism. Впервые клуб проводил форум в рамках V Международных Фарабиевских чтений, который дал возможность обозначить проблемы и приоритеты образовательных программ по журналистике с участием ООН, Посольства США в РК, Посольства Афганистана в РК, Британского Совета Международного центра журналистики MediNet.

В работе форума приняли участие представители МОН РК, сотрудники кафедр ЮНЕСКО по журналистике и коммуникации КазНУ, СМИ, ученые, студенты, магистранты и докторанты университетов Казахстана и Кыргызстана.

Продолжение на 4 стр.

Ізгілік нұрын төккен өнертабыс

Ағымдағы жылдың сәуір айының 6-9 жұлдызы аралығында Павлодар қаласында С.Торайғыров атындағы ПМУ-да Тель-Авив университетінің Қазақстандағы достар ассоциациясы қолдауымен «Мейкатон ТОМ: Kazakhstan» халықаралық байқауы өтті. Оған еліміздегі өзге оқу орындарымен қатар әл-Фараби атындағы ҚазҰУ өнертапқыштары қатысып, өз өнертабыстарын ұсынды.

Шараның мақсаты мүмкіндігі шектеулі жандардың өмірін жеңілдететін прототип жасау болды. Нәтижесінде БЦП шалдыққандарға арналған жанартылған велосипед, көзі көрмейтіндерге арналған белдік-навигатор, есту және сөйлеу мүмкіндігі жоқ жандарға арналған ақылды қолғап, т.б. жасалды.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің «Techno RIM» командасы алғашында есту және сөйлеу мүмкіндігі жоқ жандарға арналған ақылды білезік жасамақ болған. Оның орнына жас ғалымдар бірден екі өнертабыс ойлап тауып, көпшілікке таныстырды.

«Біз ақылды білезік пен ақылды қолғап жасадық. Білезік Helper, ал қолғап Glov S+ деп аталады. Біздің нидиоурдің сөйлеу және есту мүмкіндігі туа бітті шектелген. Оның негізгі мәселелері: есік қоңырауын, трамвай мен автокөліктер сигналын ести алмайды. Павлодарлықтар үшін бұл үлкен мәселе. Бұдан басқа, ол жедел жәрдем мен полиция, өрт сөндірушілерді шақыра алмайды. Біз білезікке SOS батырмалар орнаттық. Ол полиция қызметкерлерін шақырған кезде автоматты түрде үш хабарлама жіберіледі: біріншісі – туыскандарына, екіншісі – әлеуметтік қызметкерге, үшіншісі – полиция қызметкерлеріне», – дейді ҚазҰУ, Экономика және жоғарғы бизнес мектебі факультетінің 2-курс докторанты Асқар Әскеров.

Жалғасы 5-бетте


БҮГІНГІ САНДА:

КЕЛЕЛІ КЕҢЕС



2-бет

ҒЫЛЫМ
САЛАСЫНДАҒЫ
ЖАРҚЫН ЖОБА



4-бет

«ҚАЗАҚ
УНИВЕРСИТЕТІ»
ГАЗЕТІ-70 ЖАСТА



8-бет

КЕЛЕЛІ КЕҢЕС



Кезекті ректорат мәжілісі қалыптасқан дәстүр бойынша үздік студенттерге шәкіртақы табыстап, білім беру саласында жетістікке жеткен оқытушыларды алғыс хаттармен марапаттаудан басталды.

Биология және биотехнология факультеті, филология және әлем тілдері факультеті және заң факультетінің білім мен ғылым қуған талапты шәкірттері жалпы сомасы 14 миллионға жуық қаржыны құрайтын шәкіртақыға ие болды. Салтанатты марапаттау рәсімінде білім беру саласындағы ерекше еңбегі үшін «Қазақстан Республикасының ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін» белгісімен университетіміздің ғалымдары: биология және биотехнология факультетінің деканы Болатхан Заядан, плазма физикасы және компьютерлік физика кафедрасы менгерушісінің ғылыми-инновациялық жұмыс және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі орынбасары Сандуғаш Қоданова, аналитикалық, коллоидтық және сирек элементтер химиясы мен технологиясы кафедрасының профессоры Әзімбек Қоқанбаев марапатталды. Сонымен қатар Жас ұрпақты оқыту және тәрбиелеу ісіндегі елеулі табыстары үшін «Ы. Алтынсарин» төсбелгісі заң факультетінің деканы Дәулет Байдельдиновке тапсырылды. Шығыс Қазақстан облысының әкімі Даниял Ахметов 2018 жылғы су тасқынынан зардап шеккен шығысқазақстандықтарға көрсеткен көмегі үшін университет ректоры Ғалым Мұтановқа алғыс білдіре отырып, өз хатында осындай шақта бейтарап қалмаудың, көмектесудің, рақымдылық және қайырымдылық жасаудың маңыздылығын атап өтті.

Марапаттау рәсімінен кейін QS Subject Ranking-те медицина факультеті — денсаулық сақтау жоғары мектебінің кафедраларын алға жылжыту бойынша жол картасы талқыланды. Биостатистика және дәлелдік медицина кафедрасының менгерушісі Жанна Романова өз баяндамасында кафедрадағы орындалып жатқан ғылыми жобалармен таныстырып шықты. Атап айтар болсақ, кафедра ҚР кардиология және ішкі аурулар институтымен бірлесе отырып, эпидемиологиялық ішектің

қабыну ауруларын зерттеу жұмыстарымен айналысуда. Туберкулез ауруы мен АИТВ және ЖИТС аурулары туралы студенттерді ақпараттандырып, сауалнамалар жүргізуде. Жыныстық жолмен берілетін инфекциялық аурулар туралы студенттердің хабардар болуы мақсатында көптеген жұмыстар іске асырылып жатқандығын айтты. Сонымен қатар кафедра алдағы уақытта медициналық журнал ашып, онда шетелдік ғалымдармен бірге жарияланымдар жариялауды мақсат етіп отырғандығын да жеткізді. Студенттер білімін жан-жақты жетілдіру үшін М.В. Ломоносов атындағы ММУ мен Оңтүстік Кореяның Gangnam Severance Hospital Yonsei University Health System сынды университеттерінен ғылыми іс-тәжірибеден өтіп тұратындығынан хабардар етті.

Эпидемиология және гигиена кафедрасының менгерушісі Әлия Табаева кафедра арнайы шақыртумен шетелдік ғалымдар дәріс оқып, көптеген тақырыптарда қысқы мектептер өтіп тұратындығын айтты. Сонымен қатар кафедра оқу-әдістемелік

кітапшаларды да шығарып жатыр. Қалалық және республикалық имидждік іс-шаралар атқарылып жатқандығын да тілге тиек етті.

Жиын барысында басқа да кафедралар өз жол карталарымен таныстырып шықты. ҚазҰУ ректоры Ғалым Мұтанов ашылғанына енді ғана үшінші жыл болса да медицина факультетінің көптеген жемісті нәтижелерге қол жеткізгенін атап өтіп, алдағы уақытта кафедралардағы білім беру процесін ағылшын тіліне аударуды қазірден бастауды тапсырды.

Сондай-ақ мәжілісте ғылыми-инновациялық қызмет жөніндегі проректор Тілеккабыл Рамазанов COMSATS үйлестіру кеңесінің XXI мәжілісі мен Фараби оқулары форумының нәтижесін баяндап, Тұрақты даму институтының директоры Рафиз Абазов Сан-Паулу (Бразилия) университетінде болған іс-сапары туралы хабарлама асады. Оқытушы-профессорлар қауымы күн тәртібіндегі мәселелерді жіті тыңдап, өз ұсыныстарын ортаға салды.

Перизат ЖАРЫЛҚАСЫНОВА

Әскери кафедра

ҚЫСҚА-НҰСҚА

Жуырда әскери кафедрада әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры кубогына арналған «Сарбаз» II әскери-патриоттық ойыны басталды.

Патриоттық ойындемеушілері — «Сарбаз» республикалық әскери-патриоттық газеті мен ҚазҰУ-дың «Парасат» қызметкерлер кәсіподағы. Ойынның бірінші кезеңінде Алматы қаласының мектеп оқушылары арасында

27 сәуірде ҚазҰУ әскери кафедрасы базасында өтетін патриоттық ойынның финалына қатысатын ең үздік командаларды анықтау үшін іріктеу өткізіледі.

Патриоттық ойынның негізі әскери қолданбалы кезеңдер мен шығармашылық байқау түрінде ұйымдастырылады. Онда мектеп оқушыларының ҚР Қарулы Күштері мен еліміздің тарихы туралы білім деңгейлері тексеріледі.

Патриоттық ойын барысында әскери кафедра студенттері әртүрлі әскери ұрыс түрлері мен оқу-жаттығу амалдарын көрсетеді.

Физико-технический факультет посетил известный профессор Института Лазерной Инженерии, Осацкого университета Масакатсу Мураками.

В начале лекции профессор М. Мураками рассказал об Осацком университете, который является одним из крупнейших университетов Японии. По количеству студентов является самым крупным государственным университетом Японии, в котором обучается более 22 тысяч студентов. Профессор ознакомил студентов факультета с условиями обучения в Осацком университете, а также прочел лекцию о лазерных методах получения протонных пучков.

Физико-технический факультет и кафедра физики плазмы и компьютерной физики выражает надежду на дальнейшее укрепление сотрудничества с Осацким университетом в сфере совместной подготовки студентов всех уровней.

Кафедра плазмы физики-компьютерной физики

Шығыстану факультетінде «Шығыстану» мамандығы бойынша X Республикалық студенттік пәндік олимпиада өтті.

Биылғы жылы Қыыр Шығыс кафедрасының жапонтану бөлімі секциясына ҚазҰУ, Абылай хан атындағы ҚазХҚЖӘТУ және Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-дан он беске жуық студент қатысты.

Олимпиада екі кезең бойынша ұйымдастырылды. Бірінші кезеңде студенттер жапон тілінде эссе жазып тіл, тарих, өлкетану бойынша тест тапсырмаларын орындады. 14 адамнан 9 адам бірінші кезеңнен сәтті өтіп, олимпиаданың екінші кезеңінде қазылар алқасының назарына жапон тілінде Жапон елінің өзекті мәселелері бойынша студенттердің арнайы баяндамалары ұсынылды.

Студенттердің бұл сынға қатысуы тандалған пәнге, тандаған мамандықтарға және ғылыми-зерттеу жұмысына қызығушылығын арттырып, жетістіктерге жету ұмтылысын күшейтіп қана қоймай, Қазақстандағы шығыстанудың дамуына өз ықпалын тигізбек.

Шығыстану факультеті

Г.Б. МАДИЕВА,
к.п.н., доцент,

зам. зав. кафедрой физвоспитания и спорта
медицинского факультета - ВШОЗ

ВИЗИТ ДЕЛЕГАЦИИ НОК



В КазНУ имени аль-Фараби состоялась торжественная церемония подписания меморандума о сотрудничестве между Национальным Олимпийским Комитетом и Казахским национальным университетом имени аль-Фараби.

В рамках визита Делегация НОК РК посетила спорткомплекс, плавательный бассейн им. Д. Баландина, клинично-диагностический центр, музей университета.

В официальной части церемонии подписания меморандума с приветственным словом выступили первый проректор Мухамбеткали Буркитбаев и Советник НОК РК Бакытжан Ордабаев. В ходе встречи обе стороны достигли единства мнений в отношении сотрудничества и взаимодействия по пропаганде и популяризации физической культуры и спорта, олимпийского движения и здорового образа жизни среди молодежи, привлечению к духовным и культурным ценностям.

В меморандуме определены основные направления взаимного сотрудничества по проведению совместных культурно-

массовых мероприятий, направленных на пропаганду и популяризацию физической культуры и спорта, Олимпийского движения и достижений спорта, здорового образа жизни и привлечение молодежи к чтению. Также стороны договорились об организации встреч с известными спортсменами, чемпионами и призерами Олимпийских игр, чемпионами мира. В рамках соглашения будет организован уголок НОК РК при КазНУ и мн. др.

Жуырда шығыстану факультетінде Палестина мемлекетінің Төтенше және өкілетті елшісі доктор Монтасер Әбу Зейд мырзамен кездесу болып өтті.

ТАҒЫЛЫМЫ МОЛ КЕЗДЕСУ



Палестинаның толық суверенитеттігі әлі жоқ. 2017 жылы АҚШ президенті Д.Трампың Иерусалим қаласын Израильдің астанасы ретінде мойындау туралы мәлімдемесі бұл мәселені тағы да ушықтыра түсті.

Қазақстан мен Палестина арасындағы дипломатиялық байланыстар 1992 жылдан басталады. Қазақстанда Палестина елшілігі 1993 жылдан бастап жұмыс істейді. Біздің еліміз Қазақстан да тәуелсіз мемлекет ретінде Палестина мәселесінің бейбіт шешілуіне, БҰҰ қарарлары негізінде Палестина тәуелсіз мемлекетінің құрылуына қолдау көрсетеді.

Араб тілінде оқылған Елші дәрісінен студенттер Палестина туралы көптеген мәліметтер алды. Елші өзінің Ресейде, Белоруссияда оқығаны және қызмет істегені туралы айтып, орыс тілін жетік білетінін де көрсетті.

Дәріс соңында студенттер қызығушылық танытып, елші мырзаға сұрақтар қойды. Олар Палестина мәселесінің шешілу мүмкіндігі, Палестинадағы білім жүйесі және дипломатиялық қызмет туралы сұрады. Шетел филологиясы: араб бөлімінің 3-курс студенті Айнұр Намазованың «Қазақстанның студент-жастары, біздер, Палестина халқына қандай көмек көрсете аламыз?» деген сұрағы елші мырзаны толғандырып, көзіне жас әкелді. Студенттер де Палестина жерінде бейбітшілік орнап, толық тәуелсіз Палестина мемлекетінің құрылатынына сенім білдіріп, Палестина халқының тағдырына бей-жай қарамайтындықтарын көрсетті.

Б. БАЗАРҚҰЛОВА,
Таяу Шығыс және Оңтүстік Азия кафедрасының аға оқытушысы

Мамандығым – мақтанышым

Дүниежүзі тарихы, тарихнама және деректану кафедрасының куратор-эдвайзерлері студенттердің көктемгі ғылыми апталығы аясында дөңгелек үстел ұйымдастырды.

«Мен таңдаған мамандық» деп аталған шараға «Мұрағаттану, құжаттану және құжатпен қамту» мамандығының түлектері және осы мамандықта білім алып жүрген студенттер қатысты.

ҚазҰУ-дың тарих, археология және этнология факультетінде аталмыш мамандық бойынша білім алған түлектер мемлекеттік мекемелерде, кәсіпорындарда, әр-түрлі салаларда табысты қызмет етуде. Оған кездесуге қатысқан Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік мұрағатында таңдаулы мамандығы бойынша қызмет атқарып жүрген, қазіргі таңда тәжірибе жинап, біршама жетістікке қол жеткізген, кәсіби біліктілігін шыңдаған кешегі түлек, бүгінгі мұрағат ісінің қыр-сырын қамтып жүрген мамандар дәлел бола алады.

Өз тарапынан студенттер кездесуге келген қонақтарға мамандыққа қатысты көптеген өздерін қызықтырып жүрген сұрақтарын қойды. Жастар мамандық бойынша білім алудың нәтижесі, мамандықтың іс-жүзінде сұранысқа ие болуы, мансап жасау, жұмыстың қиындықтары мен қызықшылығы туралы мәселелерді алға тартты.

Ұйымдастырушы ұстаздар – т.ғ.к., доцент м.а. Б.Е. Нұрпейісова, аға оқытушылар А.Т. Сүйінова және Ж.К. Дүйсембековалар пікір алмасу барысында өзі таңдаған мамандығын құрметтеу, қадірлеу, профессионалдық мәдениетті бойына сіңіру мәселесін де көтерді. Кездесу екі жақты қызығушылық туғызып, пікір-алмасу студенттер үшін аса пайдалы болды.

Б.Е. НҮРПЕЙІСОВА,
т.ғ.к., доцент

Халықаралық деңгей

Жуырда Венада Австрия ферералды ғылым және ғылыми зерттеу министрлігінің жетекшілігімен «European Geosciences Union (EGU) General Assembly» атты жыл сайынғы халықаралық географиялық конференция өтті.



Бұл конференция геоғылымдар және қоршаған орта ғылымдары бойынша ең негізгі болып табылады. Аталмыш конференция халықаралық сипаттағы индексстеріне қосылған (SCOPUS, Web of Science, Elsevier) халықаралық ғылыми топ-журналдардың қолдауымен өтеді. Биыл конференцияға 13902 ғылым қатысты, олар дүниежүзінің 107 мемлекетінен келген геологтар, геофизиктер, геохимиктер, геоморфологтар, климатологтар, географтар, геодезистер мен картографтар және т.б.

Конференцияның Геоақпараттық зерттеулер және энергияның қайта қалпына келтіру секциясында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың картография және геоинформатика кафедрасының (д-р А.Г.Кошим және д-р Р.Т.Бексеитова) Ұлыбритания Ноттингем университетімен (д-р М.Каратаев) бірігіп орындаған ғылыми жоба негізінде дайындалған «Biomass resources distribution and bioenergy technical potential in Kazakhstan: a GIS-based analysis» атты баяндаманың презентациясы ұсынылды.

Жоба мақсаты – Қазақстанның биоэнергетикалық потенциалының кеңістікте таралуы және биомасса потенциалын қолдану мүмкіншілігінің сандық бағалауы. Жобаны орындау нәтижелері Қазақстан территориясындағы

ауылшаруашылық жаратылыстағы биомассаның суммарлы потенциалы мұнайэквивалентінің 16,5 млн. тоннасына тең екенін көрсетті. Ауылшаруашылық қалдықтарынан шығарылатын энергия көлемі, теориялық жағынан ойланп алғанда, 485*106 Дж құрайды. Соңғы көрсеткіш Қазақстанда энергияның жалпы қолданылатын көлемінің 25-30% құрайды және де жылыжай газдарының көлемін 64,72 млн.т.дейін азаюына апарды. Есептелген баға негізінде Қазақстан территориясын биоэнергетикалық потенциалына қарай төрт типке бөлуге болады – биоэнергетикалық потенциалы салыстырмалы жоғары, орташа, төмен және шамалы. Баламалы электроэнергия өндірісінің потенциалды мүмкіншіліктерін көрсететін ГАЖ-карталар сериясы биомассаның негізгі ресурстары мен биоэнергетикалық потенциалы Ақмола, Қостанай және Солтүстік Қазақстан облыстарында орналасқанын көрсетеді.

Халықаралық мамандар назарына ұсынылған ҚазҰУ ғалымдарының аталмыш бірлескен жоба нәтижелері үлкен қызығушылық тудырып, жоғары бағаға ие болғандығын айтып өтуге тиіспіз.

Р.Т. БЕКСЕИТОВА,
ғ.ғ.д., картография және геоинформатика кафедрасының профессоры

ТІЛ ТУРАЛЫ ҒЫЛЫМ

Жуырда шетел филологиясы және аударма ісі кафедрасының ұйымдастыруымен филология ғылымдарының докторы, профессор Элеонора Дүйсенқызы Сүлейменованың ғылыми-педагогикалық қызметіне арналған «Тіл туралы ғылым және ғылым тілі» атты ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.

Шараға Қазақстан, Ресей, т.б. елдердің ғылыми-зерттеу орталықтары мен зертханаларының және еліміздің жетекші жоғары оқу орындарының тіл мамандары, көрнекті ғалымдар қатысуға ықылас білдірді. Орыс тілі мен әдебиеті оқытушыларының Халықаралық қауымдастығының қолдауымен өткізіліп келе атындағы конференцияны ұйымдастыруға әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-мен бірге КИМЭП, Сүлеймен Демирел университеттерінің оқытушылары белсене атсалысты.

Ауқымды шара ҚазҰУ-дың филология және әлем тілдері факультетінің деканы Өмірхан Әбдіманұлының конференция қатысушыларына арналған құттықтау сөзімен ашылып, шетел филологиясы және аударма ісі кафедрасының менгерушісі Дәніел Қарағойшеваның алғы сөзіне ұласты. Пленарлық мәжілісте көрнекті ғалым-филологтардың қазіргі тіл білімінің өзекті мәселелері, оның ішінде, тілдік саясат, тіл мен мәдениет, жаңғыру үстіндегі мемлекет жағдайында тіл және әдебиет

пәндерін оқыту әдістемесіне арналған баяндамалар тыңдалды. Осы орайда Абаи атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің профессоры, филол.ғ.д. Манат Мұсатаева, Сүлеймен Демирел атындағы университеттің профессоры, филол.ғ.д. Зәуреш Ахметжанова, Ресей ғылым академиясы Қоғамдық ғылымдар бойынша ғылыми ақпараттар институтының профессоры, филол.ғ.д. Эмма Яковлева, КИМЭП университетінің профессоры, филол.ғ.д., Ария Азаматовалар баяндама жасады.

«Гуманитарлық ғылымдардағы жаңа парадигмалар» және «Филология ғылымдары техногенді дәуірде» деп аталатын екі кезеңнен тұрған халықаралық конференция аясында тіл ғылымының өзекті мәселелері талқыланып, ғалымдар өз пікірлерін білдірді.

Балғат НАУБАЙ,
филология және әлем тілдері факультетінің оқытушысы



ОНОМАСТИКА - ҚОҒАМ - УАҚЫТ

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы мен «Фараби оқулары» аясында «Ономастика – Қоғам – Уақыт» атты студенттер мен оқушылардың V Республикалық конференциясы өтті.

Республика оқу орындарын қамтыған шараға Сүлейман Демирел атындағы университет, Тараз инновациялық гуманитарлық университеті, IT колледж оқушылары, Қаскелең қаласының «Алтын ауыл» мектебінің оқушылары, Қызылорда облысы Қармақшы ауданы Жуалы ауылының оқушылары, ҚазҰУ-дың география және табиғатты пайдалану факультеті мен филология және әлем тілдері факультеттерінің студенттері қатысты.

Жыл сайын дәстүрге айналған өтетін конференция факультеттегі аса ауқымды шаралардың бірі «Аханов оқуларымен» тұспа-тұс келіп, Әл-Фараби кітапханасында басталды.

Конференцияға «Қазіргі кісі есімдерінің ерекшелігі»; «Тарихи жер-су атауларының қазіргі қоғамдағы рөлі»; «Жарнама тіліндегі жалқы есімдердің колданылуы» бағытындағы жұмыстар қабылданып, сараланды.

«Ономастикалық атаулар және қазақ әліпбиі кеністігінде: проблематикалық мәселелері және шешу жолдары», «Қазақ жастарының есімдері мен есім қоюға қатысты көзқарастар», «Рухани жаңғыру: Жетісу өңірі топонимдерінің семантикасы», «Қазақ географиялық терминдерінің әлемдік кеңістіктегі маңызы», «Жарнама тілінің ерекшеліктері», т.б. көптеген тақырыптарда баяндамалар жасалып, пікір алмасулар орын алды. Нәтижесінде ең үздік баяндамалар анықталып, арнайы дипломдармен марапатталды.

Конференция барысында қазіргі қоғамымыздағы тақырып бойынша ат атау мәселелері мен жарнамаға қатысты қызықты зерттеулер сөз болып, кенінен талқыланды.

П.Т. МЕДЕТБЕКОВА,

жалпы тіл білімі және еуропа тілдері кафедрасының оқытушысы

ҒЫЛЫМ САЛАСЫНДАҒЫ ЖАРҚЫН ЖОБА

12-13 сәуір аралығында ҚазҰУ-дың химия және химиялық технология факультетінде V Халықаралық Фараби оқулары шеңберінде «Функционалдық материалдардың химиялық технологиялары» атты IV Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті. Шара ғылыми пікірталастар және ынтымақтастықты одан әрі нығайту үшін өзекті мәселелерді талқылауға бағытталды.

Ресей мен Қазақстан арасындағы бүгінгі қарым-қатынастар – заманауи ғылым саласында болып жатқан бүкіл постсоветтік кеңістіктегі екіжақты мықты ынтымақтастықтың айқын үлгісі. 2015 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті мен Новосібір мемлекеттік техникалық университеті арасында ынтымақтастық туралы шартқа қол қойылды. Сол жылдан бастап жыл сайын екі университет арасында қол жеткізілген келісімге сәйкес бірлескен конференциялар өткізіліп отыр.

«Функционалдық материалдардың химиялық технологиялары» атты I халықаралық ресейлік-қазақстандық ғылыми-тәжірибелік мектеп-конференциясы НТМУ қабырғасында 2015 жылы өткен болатын. II конференция Алматы қаласында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың химия және химиялық технология факультетінің физикалық химия, катализ және мұнайхимия кафедрасының ұйымдастыруымен 2016 жылдың 26-28 мамырында өтті. НТМУ-де «Функционалдық материалдардың химиялық технологиялары» атты III конференция 2017 жылдың 27-29 сәуірінде өтті.

Аталмыш конференциялардың мақсаты – функционалдық материалдардың химиялық технологияларының өзекті мәселелерін талқылау. Биылғы конференция жұмысына синтез және материалдарды зерттеу саласындағы 40-тан астам жетекші шетел және отандық ғылыми-зерттеу және білім беру мекемелерінен Ресей, Қазақстан, Германия, Израиль мамандары, сондай-ақ студенттер, магистранттар және PhD докторанттар қатысты.

Пленарлық отырыста х.ғ.д., профессор Н.Ф. Уварова (Новосібір), Кайзерслаутерн қаласының Техникалық университетінің



профессоры Х.Зитцман (Германия), Вар-Илан университетінің профессоры И.Мастая (Израиль), х.ғ.д., профессор С.Р. Қоныспаев (Алматы), х.ғ.д., профессор М.Қ.Алдабергенов (Алматы), х.ғ.к., доцент А.А. Политова (Новосібір), PhD В.Гидта (Германия), PhD К. Вильхельм (Германия), т.ғ.к., доцент А.Г.Банновалардың (Новосібір) баяндамалары ерекше қызығушылықпен тыңдалды.

«Синтездің ғылыми негіздері және функционалдық материалдарды дайындау. Процестер мен аппараттар» және «Каталитикалық процестердің физикалық-химиялық зерттеулері және мұнай-химия және мұнай өңдеу катализаторлары» атты секцияларда конференцияның жұмысы жалғасып, ауызша және стендтік баяндамалар ұсынылды.

Қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі баяндамаларда қазіргі заманғы синтездің және перспективалық композициялық және көпқызыметтік материалдардың, сондай-ақ гетерогендік және гомогендік катализдің қазіргі мәселелері талқыланды. Баяндамаларды талқылау достық және ашық бәсекелесу атмосферасында өтті.

Конференция аясында студенттердің,

аспиранттардың және жас ғалымдардың химия, химиялық материалтану, экология және химиялық технология саласында жұмыс істейтін мамандарына арналған үздік баяндамалар байқауы өткізілді. ҚазҰУ-дың оқу зертханасына және Алматы қаласының көрікті жерлеріне сапарларды қамтитын экскурсиялық бағдарлама ұйымдастырылды.

Ғалымдардың пікірталас нәтижесі ретінде халықаралық және аймақтық деңгейде сұранысқа қажет болатын ғылыми ұсынымдар мен ұсыныстар қабылданып, ғылыми қызметтестіктің бастамасына негіз салынды. НТМУ мен ҚазҰУ арасында жыл сайын студенттер мен магистранттар алмасу жүргізіліп отырғандығын айта кетуге тиіспіз. Сондай-ақ НТМУ қызметкерлері, Кайзерслаутерн қаласының Техникалық университетінің және Бар-Илан университетінің ғалымдары ҚазҰУ студенттеріне ғылыми жетекшілік етуде. Бірлескен білім беру оқу бағдарламалары да сәтті жүзеге асырылуда.

Е.А. ӘУБӘКІРОВ,

х.ғ.д., профессор, кафедра меңгерушісі;

Д.Н. АҚБАЕВА,

х.ғ.д., доцент

Продолжение. Начало на 1 стр.

На мероприятии выступили Советник Министра МОН РК Майраш Тайкенова, Директор Кластерного Бюро ЮНЕСКО Алматы Криста Пиккат, специалист программы коммуникации и информации ЮНЕСКО Сергей Карпов в Алматы, Глава Информационного Бюро ООН РК Властимил Самек и мн. др.

В личном интервью Криста Пиккат также упомянула о репрезентативном списке ЮНЕСКО по нематериальному наследию, включающему в себя те элементы выражения традиций, культуры народов, передаваемых из поколения в поколение. В данный список входит 12 стран мира, в том числе Афганистан, Пакистан, Узбекистан, и у каждого народа свои особенности, которые необходимо сохранить для будущего поколения.

Задача повышения квалификации журналистов профессионалов заключается в том, чтобы представленные факты должны внимательно рассматриваться со всех соответствующих углов и перспектив. Для этого нужны навыки проверки и междисциплинарный подход к обучению.

Для решения этой задачи учебные модели ЮНЕСКО по журналистике предлагают основу для всестороннего образования, адаптированного к конкретным потребностям. Модель учитывает социальные, экономические, политические и культурные контексты стран, освещающих связи между журналистикой,



развитием и демократическим дискурсом.

На основе глобального консультационного процесса в течение двух лет «Модель ЮНЕСКО» была одобрена на первом Всемирном конгрессе по образованию в области журналистики в 2007 году.

По завершению выступительной речи Директор Кластерного Бюро ЮНЕСКО Алматы – Криста Пиккат отметила: «Таким образом, мы можем обеспечить, чтобы журналистика могла играть полную роль в дальнейшем развитии

демократии в Казахстане и способствовать вовлечению».

Пресс-атташе Посольства США Рэн Элхай в своем приветственном слове сказал, что считает самым лучшим способом достичь результатов в данной сфере – это сделать приоритет на качестве обучения журналистов и подготовки этих кадров, которые могут донести до нас наши общие ценности. Он отметил, что поддерживает политику трехязычия в Казахстане и считает, что такой журналист может проинформировать

не только Казахстан, но и зарубежные страны.

В целом, форум прошел в обстановке академического партнерства и были даны следующие рекомендации: создание рабочих групп по разработке «Национальной модели образовательных программ ЮНЕСКО» с участием членов Клуба; продвижение заявки от Клуба МОН РК в межправительственный совет МП РК до 1 июня 2018 г.; создание списка «100 книг» по журналистике согласно рекомендациям Кластерного Бюро ЮНЕСКО Алматы с переводом на казахский язык.

Одним из приоритетных направлений являются дистанционные курсы по программе журналистики. Поэтому разработка массовых онлайн-курсов по моделям образовательных программ ЮНЕСКО от клуба на базе КазНУ будет цифровой платформой. Следующий форум Клуба – IJF 2018 будет проходить в Туркестане.

По итогам форум журналистики стал академической платформой кафедр журналистики вузов РК, международных организаций и дипломатическим корпусом РК.

Гулмира СУЛТАНБАЕВА,

*вице-президент клуба
Alma-Mater of Journalism*

ҚазҰУ-да 24-27 сәуір аралығында «XX ғасырдың басынан бастап бүгінгі күнге дейінгі түркі әлемінің саяси, экономикалық және мәдени дамуының» халықаралық симпозиумы өтеді

КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТ классигімен жүздесу

«ҚазҰУ студенті оқуға тиіс 100 кітап» жобасы аясында әл-Фараби атындағы кітапхана қызметкерлері мен филология және әлем тілдері факультетінің ұйымдастыруымен жазушы, Халықаралық алаш сыйлығының лауреаты Бексұлтан Нұржекеұлымен кездесу кеші өтті.



Бұл кездесу жазушының «Әй дүние-ай» туындысы мен шығармашылығына арналды. Кешті филология және әлем тілдері факультетінің доценті Ләйлі Мұсалы сөз сөйлеп ашты. Ақпараттық технологиялар факультетінің ұстазы Болат Әбенев те қатысып, жазушының шығармашылығы мен азамат ретіндегі ерекше қырларын әңгіме етті. Әдебиет және теория кафедрасының аға оқытушы Еркінгүл Солтанаева өзінің шығарма кейіпкерінің ұрпағы екендігін айтып кетті.

Жазушы Қазақстан ЛКЖО Орталық Комитетінің нұсқаушысы, Панфилов аудандық комсомол комитетінің екінші, бірінші хатшысы, «Жалын» альманахы проза бөлімінің меңгерушісі, «Жұлдыз» журналының бөлім меңгерушісі, «Жалын» баспасының директоры қызметтерін атқарды. «Құрмет», «Парасат» ордендерімен, «Еңбектегі ерлігі үшін» медалімен, Алматы облысының және Панфилов ауданының Құрметті азаматы атағымен марапатталған.

Шығармасын талдау барысында автор туындының шығу тарихын айтып берді. Автор «Әй, дүние-ай!» туындысының жеке адамның тағдыры емес екендігін тілге тиек етті. Бұл

оқиғаларды архивтерді оқу, қарау арқылы және кейіпкерлердің өмірде болғандығы, оқиға желілерін байланыстыру үшін бас кейіпкерлері – Шәйі мен Тазабекті ғана ойдан қосқандығын айтты. Негізгі кейіпкер 1916 жылғы көтерілістен бастап тәуелсіздік алған кезге дейінгі Шәйінің басынан өткен оқиғалар арқылы сол кездегі әрбір қазақ қыз-кейіпкерінің басынан өткен көп қиыншылықтар көрсетуге тырысқандығын баяндап берді. Халық жазушысымен кездесуге келген студент жастар өздерінің өмірлік және осы шығармадағы оқиғалар туралы толғандырып жүрген сұрақтарына жауап алды.

Кеш сонына қарай кітапханашы-менеджер Айдынгүл Ерекеш қазақ, қытай тілдерінде ән шырқап, бірнеше студенттер өз шығармашылығынан туындаған өлеңдерін оқып беріп, ерекше қолпашқа ие болды. Еркінгүл Солтанаева шығарманы талдауда ерекше көзге түскен студенттерге автордың қолтаңбасы қойылған кітаптарды табыс етті.

Жазушы кеш аяғына таман жастарды кітап оқуға шақырып, кітап оқудың пайдасының зор екендігі жайлы да сөз қозғап кетті. Тарихи көркем әдебиеттің классигімен жүздесу, одан авторлық қолтаңба алу, өмірбаяны, шығармашылығы, еңбек жолына арналған әдебиет пен мерзімді басылымдар, фотосуреттерден тұратын кітап көрмесін тамашалау – осының бәрі кездесуге келген жастардың, замандастардың бойында ұмытылмас әсер қалдырды деген сенімдеміз.

Жұлдыз МАНАПБАЕВА

STARTUP ПРОЕКТЫ

КазНУ им. аль-Фараби проводит активную политику в сфере создания и поддержки студенческих Startup проектов, а также дальнейшей их коммерциализации на рынке. Startup – это компания с короткой историей операционной деятельности. Как правило, они созданы на основе инновационной идеи для дальнейшего продвижения. Учитывая зарубежный опыт, создание таких компаний развивает предпринимательский дух у студентов, улучшая их лидерские и организационные качества. Одним из структурных подразделений КазНУ является научно-технологический парк, студенческий бизнес-инкубатор, который проводит мониторинг деятельности студенческих Startup. Обеспечивая необходимую инфраструктуру, а также консалтинговые услуги на безвозмездной основе, они являются диалоговой площадкой для бизнес-структур и студентов.

На данный момент по университету работают 22 компании, отлично зарекомендовавшие себя на рынке, в портфолио которых можно найти не только проекты с Казахстанскими предприятиями, но и с зарубежными партнерами. Так в преддверии объявления департаментом по науке и инновационной деятельности КазНУ им. аль-Фараби о конкурсе на студенческие Startup проекты, на факультете международных отношений прошел отбор бизнес-идей для участия на общеуниверситетском уровне. Активно проявили себя студенты 3 курса по специальности «Международное право» и



«Международные отношения», кроме этого был заявлен проект и от студента факультета довузовского образования. Проекты касались различных аспектов, начиная от социальных нужд до интересных приложений, связанных с образовательным процессом. Студентка 3-го курса Камила Нусубалиева, предложила социальный проект, который развивал бы времяпровождение для людей с ограниченными возможностями. Нельзя оставить без внимания проект студента 3 курса, над которым он уже работал некоторое время. Это приложение, которое позволяет пользователям отслеживать скидки в крупных ТРЦ города. Идея не осталась только на бумаге, но уже на активной стадии договоренности с руководителями ТРЦ. По мнению председательствующей комиссии, все проекты заслуживали внимания, так как видна была активная подготовка студентов. По решению комиссии были отобраны три проекта: Donorblood, Blawyer и Solarshirt. Все эти проекты будут представлены на международной научной конференции студентов и молодых ученых.

Поддержка и создание благоприятных условий для талантливых студентов в будущем принесет плоды не только для молодежи, но и нашей страны в целом.

А.Б. ОТАРБАЕВА,
старший преподаватель кафедры
международного права

ЖАСТАР КОМИТЕТІ



Ізгілік нұрын төккен ӨНЕРТАБЫС

Жалғасы. Басы 1-бетте



Біздің қолғапты тек есту қабілеті жоқ адамдар ғана емес, БЦП шалдыққандар, аутистер, т.б. қолдануға болады. Негізгі мәселе – қажетті бағдарламалық кодты жазу. Біздің бағдарламалаушы Ернар Жолдасовтың қолынан бұл іс келді».

Сондай-ақ, механика-математика факультеті магистранты Данабай Тұрғынбай: «Барлық дыбыстарды біз өзіміз жазамыз. Кез келген тілде жазуға болады: қазақша, орысша, ағылшынша. Егер қолғапты дамытсақ, күнделікті өмірде қажетті 2 000 сөзді қамтуға болады», – дейді.

ТОМ Global ұйымының өкілі Лекса Левтің айтуынша, мұндай марафондар 2014 жылдан бері Израиль, АҚШ, Аргентина, Ұлыбритания, Бразилия, Канада, Австралия, Вьетнам, ал 2017 жылдан бастап Қазақстанда өткізіле бастаған.

Механика-математика факультетінің магистранттары Берік Сағитжанов пен Нұрланбек Нуруллаев сигнал жіберген кезде оның қай жерде екендігін нақты анықтау үшін ақылды білезікке GPS қызметін де қосқылары келгендігін айтады. Мұндай ақылды білезік иесіне есік қонырауы, қайнаған шәйнек туралы да ақпарат бере алады екен.

ҚазҰУ өнертапқыштары 72 сағат ішінде тек қана ақылды білезік емес, сондай-ақ, әлемдегі ең арзан сурдоаппаратты дыбысқа алмастыратын ақылды қолғап жасай алды.

Ақылды қолғаптың өзіндік құны 19,67 \$ болды, ал әлемдік аналогтардың құны 45-100 \$ аралығында.

Асқар Әскеров: «Бұл жағдайда біз әлемде жоқ нәрсе ойлап тапқымыз келген жоқ. Біз тек мүмкіндігі шектеулі жандардың өмірін оңайлататын өнертабыстарды қолжетімді еткіміз келді. Нәтижесінде өнімнің өзіндік бағасы 19,67 немесе 6 220 теңгені құрады. Жана технологиялардың көмегімен көп нәрсе жасауға болады. Маңыздысы – мүмкіндігі шектеулі жандардың өмірін жеңілдету.

В КазНУ состоялась научная конференция «Аридные территории: устойчивость природы и общества», посвященная актуальным проблемам устойчивого развития аридных территорий в центральной части Евразии

Жұр мекені жастардың...



Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ (фото)

ҚазҰУ қалашығының бүгінгі көз тартар көркі санады жаулайды, көңілді көтерер күй сыйлайды, өмірге деген сүйіспеншілігіңді арттырады, өне бойыңды әлдебір күй билеп, музаның әуезді үні сиқыр әлемге ала жөнеледі. Қалашықта қыдырыстағанда әрдайым осындай күй кешемін. Осында өмір сүріп, білім алып жатқан жастарға деген қызығушылығың артып, тіпті қызғаныш сезіміне бой алдырасың. Өйткені, жастардың жұмағы, жастардың нұр мекенінде білім алу әркімнің маңдайына жазыла бермеген сәттілік.

Жалпы студенттік жылдар деген адам ғұмырындағы ғажайып бір сәт қой... Оны нұрландыратын жастықтың алауы. Сол жастықтың алауын жалындатуларына қол ұшын созып, қажетті жағдайын жасап қою дегеннің де өзіндік маңызы бар. Күнделікті тұрмыс-тіршілік жағдайы жасалған болса, эстетикалық, рухани азық алудың мүмкіндіктері бар болса, неге білімнің теренінен сусындап, ғылымның қиясына өрмелемеске?! Бұл ҚазҰУ қалашығы тұрғындарына сауал. Әрине, өмір өзгеріп, күн санап эволюциялық жаңғырулар болып жатқанда, ғасыр тек прогресті талап етеді. Сондықтан да, бүгінгі білімгерлерден сұралатын нәрсе көп.

Қазіргі заманғы білім алу деген көп жеңілдетілген. Интернет, компьютер дегеннің бәрін алдына әкеліп беріп отыр. Алайда, дайын дүниелерден нәр алуға, соны бойға сіңіруге бола ма? Яғни, өздігінен ізденіп, өзімізде жоқ, ғаламдық құбылыстарға қол созу, басқа иірімдерден сусындау сияқты талпыныс жасайтындардың аздығы сәл көңілге қаяу түсіреді. Күнделікті сабағын оқып, қажет балың алып қойып, «сен тимесен, мен тимен» деген принциппен жүре беруге бой үйреніп кетеді. Сондықтан, сілкініс керек, жастықтың жалынын беймезгіл сөндіріп алмау керек, алуы бозбалалар мен бөйжеткендер!

Бұл күндері өз басым тек студенттік күндерді ғана емес, жалпы жастық шағымды сағынамын... Кезінде бағаламаппын, «қашан мектеп бітіремін, қашан университет бітеді екен» деген ойлармен жүріп, тепеңдеп кете беретін «есек тірлікке» асығыппыз. Кейіннен бала-шағаны қалай асыраймыз, қалай білім береміз деп желіп отырыппыз. Алла аманшылық берсе, оның бәрі өз орнына келетін көрінеді... Жастарға айтайын дегенім, әр ғұмыр кезеңін

өз сәтінде бағалап, соған лайықты өмір сүру қажет екен... Ендігі жерде әлемі қартайып, өз немере-шөберен емес, ұлттың ұрпағына өнеге қалдыра алатындай тірлік жасасақ екен деген бір көкірекке ойлар қонақтаған...

Қолым сәл қалт етсе, ҚазҰУ қалашығына қарай көңілім ауып тұратыны бар. Міне, саф ауасын сіміре жұтып тағы да аралап келемін. Өне, қарт Алатаудың ақ тақиялы басына сәулесін төгіп, күн көтеріліп келе жатыр. Алқызыл жалқын көз жетер көкжиекке тарап, нұрын шашып, нұрлы мекенге жарығын төге бастаған. Қаз қатар тізілген ақ балтырлы аққайындар, қысы-жазы өңін өзгертпей, жастықтың символы сияктанатын шыршалар, тал-теректер, сан түрлі гүлдер, жасыл алаңқайлар, тап-таза, тұнық ауа және жастық шақтың жан-болмысы қосылып, ерекше бір күй орнағандай.

Аққайың асқақтап,
Тұр өне, еңселі.
Сол жерден өткенде,
Еске алам, мен сені, —
деп әуелетіп, ән салатын едік. Шіркін, студенттік дәурен-ай, қамсыз, алаңсыз, арманшыл, үмітке толы күндер-ай...
Қазіргі заман әуезі өзгеше. Ол бейкамдыктан гөрі беймазальққа, қамсыздықтан гөрі

карекетшілдікке, арманшылдықтан гөрі жігершілікке мензеп тұр. Жаңалыққа, үмітке, қиялға толы музалы өмір симфониясы ойнап тұрғандай. Еріксіз құлақ түресін... Ешкім бейтарап, беймаза қала алмайды. Өйткені, жаңа дәуірдің жаңаша ескен самалы, жаңа күндердің сағымға толы саздары, көрсем екен, білсем екен, жетсем екен деген сияқты ізгі ұмтылыстар ернеулеп толған болашақтың мезгілі. Нұрлы мекен тұрғындарының жүзінен тек осындай тамаша адами сезімдерді көре берсек, еліміздің елдігі, халқымыздың рухы асқақтай берері анық.

Осыдан біраз жыл бұрын «Қазак университеті» газетінің сол кездегі редакторы Саягүл Әлімбаева менен сұхбат алыпты. Сонда: — Сіз үшін университеттің басқа оқу орындарынан қандай ерекшелігі бар? — деп сұрақ қойған екен. «Мен үшін бұл төндесі жоқ оқу орны. ҚазҰУ—дың аты ҚазҰУ ғой...» —деп жауап берген екенмін. Сол пікірімнен әлі де айныған емеспін, айнымаспын... Өйткені, мен ғана емес, нәмі қазақ үшін ҚазҰУ-дың аты ҚазҰУ! Ал, қазіргі университет қабырғасында білім алып жүрген шәкірттер де өз оқу ордасын мақтан тұтулары керек. Өйткені, ол мақтануға тұрарлық білім ордасы!

Жалпы жұмыс өтілім жарты ғасырдан асса,

соның ішінде отыз жеті жыл осы университет қабырғасында еңбек етіп келемін. Жастарға теориялық білім берумен қатар, бойларына адами қасиеттерді де қалыптастыруды аналық, ұстаздық парызым деп санаймын. «Тәрбиесіз берілген білім — адамзаттың қас жауы» деп әл-Фараби бабамыз айтқандай, заманауи біліммен қоса халықтық педагогика нәрімен сусындап өсер ұрпақтар болашақтың жалғасы болмақ. Сондықтан да, дәрістердің бірін «Қазақ баласының әдеби» деген тақырыпта өтемін. Дөнгеленген дүние аунап кетпей тұрса, ол адамшылықтың, жақсы адамдардың өсері екендігін дәріптеймін. «Өлімнен де ұят күшті» дейтін халық принципін жалғастырар ұрпағы бар ел — бақытты ғой...

Нұрлы мекенді мекендейтін болашақтың өкілдеріне артылар сенім, тапсырылар міндеттер ұлан-асыр. Өйткені, болашақтың кілті солардың қолында. Заманауи өмір тынысымен тыныстай отырып, жаһандық жаңалықтардан қалыспай, елін алға апара алатын ұрпақ тәрбиелесек, міне, сонда қалашық ұстаздары еңбегінің жанғаны деп білеміз.

Клара ҚАБЫЛҒАЗИНА,
филол.ғ.к., профессор.а.

Көп тіл білсең, КӨКЖИЕГІҢ КЕҢ БОЛАР

XXI ғасыр ақпараттық технологияның шарықтаған заманы десек болады. Заманына қарай адамы да еңбектеніп келеді. Тіл — қай ұлтта, қай елде болсын қастерлі, құдіретті. Пенде болып дүние есігін ашқаннан бастап, ананың сүті арқылы ана тілін, анасының тәрбиесін бойына сіңіріп өседі. Орыс тілін жастайынан естіп өскен қазіргі жастар, тіптен ағылшын тілін біліп те ешкімді таңқалдыра алмайды. Заман ағымына сай, Қазақстан Республикасының азаматтары үш тіл білуі тиіс. Бүгінгі таңда көптеген мемлекеттік мекемелерде, атап айтсақ, мектептерде, ЖОО-да үш тілділік талап етілуде. Талап етудің басты себебі — халықтың, оның ішінде жастардың жан-жақты білім алып, өзге мемлекеттерде тәжірибе жинақтауына үлес қосу болып табылады.

оқитын әрбір студент шетелде 6 айдан 12 айға дейін тағылымдамадан өтуге мүмкіндік ала алады. Шетелде тағылымдамадан өтіп қана қоймай, сол елдің әдет-ғұрпымен, дәстүрімен, мәдениетімен танысады. Тіл үйрену — әр адамға әрқалай әсер етеді. Бірі тілді тез қабылдап сөйлеп кетсе, енді бірі қиналып, сол елге барғанда ғана тілдік кедергілерден құтылады.

Шығыстану факультетінде шығыстанушы, аударма ісі және шетел филологиясы бойынша мамандарды даярлайды. Шығыстану факультетінде бірнеше кафедралар бар. Солардың бірі — корейтану кафедрасы. Жыл санап, корей тіліне деген жастарымыздың қызығушылығы артып келеді. Осыған орай, Шинхан, Кукмин сынды банктер, сонымен қатар, Самсунг, Эльджи сынды ірі компаниялар демеушілік етіп, студенттерге шәкіртақылар бөледі. Әлбетте, оқу үлгерімі өте жақсы студенттер ғана мұндай марапатқа ие.

Корейтану кафедрасының студенттеріне өзге де мүмкіншіліктер қарастырылған. Атап айтсақ, «эссе жазу» сынды сайыстар ай сайын жүргізіледі. Бұл сайыстарда студенттер 100-700 АҚШ доллары көлемінде қаржылай марапатталса, «шешендік өнер» сайысында Корейның ең беделді ЖОО-



ларына 6 айдан 12 айға дейінгі оқу гранттары, 4-курс студенттеріне арнайы магистратураға жолдама беріледі. Бұдан өзге әр семестр сайын корей апталығы жоғары дәрежеде атап өтіледі. Корейден арнайы еріктілер келіп, ұлттық музыкалық аспаптарында ойнауды, би билеуді, ұлттық тағамдарын дайындауды үйретеді. Әдетте, апталықтың соңғы күні Қазақстан Республикасындағы Корей елшісі келіп, түрлі тақырыпта студенттермен ой қозғайды. Бұдан өзге, жылына бірнеше мәрте Корейден медицина мамандары келіп, ҚазҰУ қалашығында орналасқан «Керемет» СККО арнайы ҚР азаматтарын медициналық тексерістен тегін өткізеді. Бұл да болса корейтану кафедрасының бірден бір үлесі. Қазіргі таңда Алматы қаласында 100-ге жуық кәріс компаниясы бар. Олардың барлығы корей тілін жетік меңгерген, ЖОО бітірген мамандарды күн санап талап етеді. Осы талапқа сәйкес, ҚазҰУ шығыстану факультетінің корейтану кафедрасының ұстаздары жақсы маман дайындауға атсалысып келеді.

Гүлмира ТӘЖІҒҰЛОВА,
корейтану кафедрасының 4-курс студенті;
Эдвайзері: Бектияр ҚЫДЫРБАЕВ

ҚазҰУ студенті Дмитрий Баландин Испанияда өткен ашық чемпионатта үш алтын медаль жеңіп алып, абсолютті чемпион атанды

«Ең қиын мамандық – АДАМ БОЛЫП ҚАЛУ»

Мамандық – кез келген адам үшін өмір сүру көзі болып табылатын және қандай да бір дайындықты, біліктілікті, өзіндік жауапкершілікті талап ететін еңбек қызметінің маңызды бөлігі. Біреулер үшін – мамандық ойлаған арман мен қалаудың орындалуы, сондай-ақ отбасы дәстүрін жалғастыру болса, келесі біреулер үшін жаңалыққа, білім шыңындағы дербестікке талпыныс, үшінші біреулер үшін әйтеуір бір мамандық иесі атану үшін таңдалған бұрыс бағыттың нәтижесі деп білемін. Осы кезде кубалық жазушы, публицист Хосе Хулиан Мартидің «Мамандық таңдау – өміріңіздің кірпішін дұрыс қалау. Ең қиын мамандық – адам болып қалу» деген сөзі есімізге түседі. Иә, мамандық өз тағдырыңды таңдаумен бірдей. Дұрыс таңдалмаған мамандық өмірде де, еңбекте де өкініш тудырады сөзсіз. Сондықтан адам баласы өмірде өз таңдауына өкінбейтіндей, өз қабілетіне қарай жүрек қалауымен сүйікті мамандығын таңдаған кезде ғана үлкен белестерді бағындыра алатынына сенімдімін.



Сондай мамандық таңдаудың аса маңызды кезеңін бастан өткерген мен үшін әкемнің берген кеңесі маңызды рөл атқарды. Дана халқымыздың «жеті рет өлшеп бір рет кес» деген ұранымен бүгінгі таңда әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың философия және саясаттану факультеті, әлеуметтану және әлеуметтік жұмыс кафедрасы, оның ішінде «Әлеуметтік жұмыс» мамандығының студентімін.

Әлеуметтік жұмыс – жеке адамдардың әлеуметтік мәселелерін, ең алдымен әлеуметтік жәбір шеккен жеке тұлғалар мен қоғамдық топтардың әлеуметтік мәселелерін шешуге, азаматтардың әлеуметтік кепілдігі бар

құқықтары мен қажеттіліктерін қамтамасыз етуге, әлеуметтік қызметін атқару қабілетін қалпына келтіруге немесе көтеруге қолайлық туғызатын жағдайлар жасауға бағытталған кәсіптік іс-әрекеттің ерекше түрі. Әлеуметтік жұмыс – ізгілік пен қайырымдылыққа, сыйластық пен өзара сенімге негізделген кәсіп.

Кез келген бітіруші түлектің көкейін «Әлеуметтік қызметкер болып қандай орталықтарда қызмет атқаруға болады?!» деген сауал мазалайтын болуы мүмкін. Міне, сондай түлектер үшін айтарым, бүгінгі күнде әлеуметтік қызметкерлер Халыққа қызмет көрсету орталықтарында; түрлі бағыттағы

оналту орталықтары мен дағдарыстық орталықтарда; халықты жұмыспен қамту саласында; ауруханалар мен емдік-профилактикалық сауықтыру мекемелерінде; халықты зейнетақымен қамтамасыз ету орталықтарында және жастармен, егде жастағы азаматтармен, көпбалалы немесе көмекті қажет етуші отбасылармен тікелей жұмыс жасайтын, көмек беретін және т.б. мемлекеттік мекемелерде жұмыс атқаруға мүмкіншіліктері бар.

ҚазҰУ-дың «Әлеуметтік жұмыс» мамандығының бітіруші түлектері бүгінде әлемнің әртүрлі мемлекеттерінде өз білімдерін шыңдап қана қоймай, мамандықтары бойынша жұмыс атқаруда. Әлеуметтану және әлеуметтік жұмыс кафедрасының ұжымы шығармашылық потенциалды жауапкершілікпен өз кәсібін және университетіне жан-тәнімен берілген. Оқытушылары халықаралық білім беру технологиясын жетік меңгерген. Бүгінде кафедра бітіруші түлектері үшін Ресей университеттерімен бірге қосдипломдық бағдарлама жұмыс істейді.

Білім мен ғылымның қайнар мекеніне айналған кафедра оқытушылары үшін өмірдегі ең негізгі басты қуанышы, әрине, өзі тәрбиелеген шәкірттерінің болашақта өзі жетпеген белестерді бағындырып, оны қуантуы болып табылатыны айдан анық.

Мектеп бітіруші түлектерге біздің ұшайын деп отырған алтын ұямыз – әл-Фараби атындағы Қазак ұлттық университеті, философия және саясаттану факультетінің әлеуметтану және әлеуметтік жұмыс кафедрасының «Әлеуметтік жұмыс» мамандығына жол бастауына және осы мамандықтың профессионалды маманы болуына шақырамын!

Шолпан ТӨЛЕНДІ,

«Әлеуметтік жұмыс» мамандығының
4-курс студенті

Менің таңдауым!

ҚазҰУ – армандар қалашығы! Жастық жалынын алаулатып, биік белестерге жетелейтін ұлы орда, құт мекен. Ұлы орданың қадір-қасиетін ұлықтап отыратын факультеттің бірі – филология және әлем тілдері факультеті, оның ішінде жалпы тіл білімі және еуропа тілдері кафедрасы. Көптеген студенттердің таңдауы түскен бұл факультет несімен ерекшеленеді?!

Орынды сұрақ. Білімді мен білікті, талантты мен талапты, өнерлі мен дарынды, ең бастысы, тіл жанашырларының басын қосқан бұл факультет қашан да ерекше.

Білімді де білікті оқытушылар сапалы құрамын сақтаған. Өтілген әр семинар, әр дәріс жүйелі түрде жоғары деңгейде өткізіледі.

«Студент жетістігі – оқытушы жемісі», – демекші, факультет пен кафедра үшін өзіндік орнын сезінген әр студенттің қажырлы еңбек етіп, нәтижелі қорытындыға қол жеткізуі білікті мамандар еңбегі мен тағылымы мол сабақтары деп білемін.

Факультет пен кафедра өміріне етене араласып, сіңісуі мақсатында студенттер үшін көптеген шаралар ұйымдастырылады.

Білікті де талапшыл ұстаз, терең дәрістер мен жоспарлы қоғамдық жұмыстар бір-бірімен ұштасып, нағыз білімді маманның шындалып шығуына жол ашуда.

Ендеше, еңсесі тік, қадамы нық, жас дос, бізге кел! Жалынды студент, жігерлі маман болып шығуың осы мекеннен бастау алмақ!

А. АЛТЫНБЕКОВА,

жалпы тіл білімі және еуропа тілдері
кафедрасының 1-курс студенті;
Жетекшісі: **Ж.Ж. ӘБІКЕНОВА**

ҚазҰУ тазалыққа шақырады

ҚазҰУ – еліміздің барлық жоғары білім беру жүйесінің тірегі, білікті мамандар ордасы. ҚазҰУ – ерекше мәртебесі бар Қазақстанның жетекші классикалық университеті, жоғары кәсіби, жоғары оқу орнынан кейінгі білім мен ғылымды инновациялық дамытудың ұлттық көшбасшысы. Университетте еліміздің барлық аймағынан келген 20 мыңнан астам студент, сондай-ақ алыс жақын шетелден келген студенттер білім алады.

Университетіміздегі игі істердің бірі – әр аптаның соңында өтетін сенбілік. ҚазҰУ қалашығы – ортақ үйіміз. Сондықтан оның көркейіп, гүлденуіне әрбір тұрғын бей-жай қарамай, коқыс, қалдықтарды кез келген жерге лақтырмай, таза ұстауға ат салысуы қажет. Гүлденген қалашығымызды одан сайын гүлдендіру мақсатында сәуірдің 14-і күні кезекті калалық сенбілік өтті.

Сенбінің арнайы таңында ҚазҰУ-дың филология және әлем тілдері факультетінің шетел филологиясы және аударма ісі кафедрасы да аянып қалған жоқ. Кафедра меңгерушісі, филология ғылымдарының кандидаты, PhD докторы Дanelь Қарағойшиеваның бастамасымен белсенділік таныта қатысты. «Өзгені тәрбиелемес бұрын, өзінді түзе» деп халқымыз айтқандай, қаланың тазалығы өзіміздің тазалығымыздан басталады. Табиғат-ананы таза ұстауды өзімізден бастасақ, өзгелер де үлгі алады.

Бағдат НАУБАЙ,
филология және әлем тілдері
факультетінің оқытушысы

Өнер мен мәдениетте шекара жоқ дейді дана халқымыз. Қазақ елі – көмейден шыққан ән арқылы мұң-мұқтажын жоқтап, қуаныш-қазынасын шартарапқа жариялаған халық. Тәуелсіздіктің ақ таңы атқанда да, қылышынан қан тамған алмағайып замандарда да серісі ән шырқап, ел көңілін жайласа, анасы баласына «әлдиін» айтып тәрбиелеген.

Тәуелсіз елдің ұрпағы да тәуелсіз. Өнер үйренем десе де, тіл үйренем десе де, ғылым қуып ғалым болса да жастарымыздың өз еркінде. Елбасымыз: «Ел болашағы жастардың қолында», – деп үлкен сенім білдірді. ҚазҰУ ректоры Ғ.Мұтанов «Айналанды нұрландыр» жобасын қолға алып, жастарды адмгершілік рухта тәрбиелеуге үлкен көңіл бөлуде.

«Өнер деген өмір сүру іздену, Білмегенді білгендерден үйрену» деген канатты сөзді жадында ұстаған ҚазҰУ-дың бір топ студенттерінен құралған «Көмек» қоғамдық қорының еріктілері Алматы қаласындағы мүмкіндігі шектеулі балалар мен ата-ана мейірімнен кенде қалған балапандардың қоғаммен тығыз байланысын нығайту мақсатында «Жарқын жұлдыз» атты өнерпаздар байқауын өткізді.

Жыл сайын дәстүрлі түрде өткізілетін бұл байқауда Алматы қаласындағы балалар үйі мен мектеп-интернаттардағы жүзден жүйрік, мыннан тұлпар атанған жеткіншектер бактарын сынады. Жобаға қатысқан 8 балалар үйінен «Жарқын жұлдыз» сахнасында 78 баланың жұлдызы жарқырады. Жоба

«Жарқын жұлдыз – 2018»



ұйымдастырушылары мен қоғамдық қор еріктілері балалардың өнерлерін тосылмай көрсетуі үшін барлық жағдайды жасады. Байқау «Көркем сөз шебері», «Аспапта ойнау», «Ән айту», «Би өнері» кезеңдері бойынша өтті. Төрт кезеңнен бөлек түрлі номинациялар бойынша өнер көрсеткен балалардың бойындағы ерекше талант пен көздеріндегі өнерге деген ыстық махаббатты көрген кеш қонақтары ерекше әсерленді.

Таланты мен талабы бір арнада тоғысқан балапандар келген жұртты өнерімен таң қалдырып, әлі талай жетістіктер мен жеңістерді бағындыратынын дәлелдеді. «Саликалы ұрпақ»

пансионатынан қатысқан «Жас Алашұлы» тобы мыннан тұлпар, жүзден жүйрік шығып, «Жарқын жұлдыз – 2018» атағын қанжығасына байлады.

Әрбір бүлдіршіннің болашағы көктегі жұлдыздай жарық толуын тілеп, ерекше сезімді қайттық. Өмір жолын енді құрып келе жатқан балалар мен ҚазҰУ жастарын табыстырған қара шаңырағымызға алғыс айтамыз!

Балым АСАНҚЫЗЫ,
журналистика факультетінің
1-курс студенті

Представитель китайской международной торговой компании в Казахстане Жарқын Асан провел лекцию на тему «Требования работодателей к выпускникам вузов, обязанности студентов в качестве работников»



«ҚАЗАҚ УНИВЕРСИТЕТІ» газеті – 70 жаста!



ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық
университетінің
ректораты

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор: **Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА**
Тілшілер: **Айнур АҚЫНБАЕВА, Ақмарал АЛИЕВА**
Дизайнер – **Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ**
Фототілші – **Марат ЖҮНІСБЕКОВ**
Корректорлар: **Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА, Қарлыға ИБРАГИМОВА**

МЕКЕНЖАЙЫ:

050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 71,
ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.
Байланыс телефоны:
377-33-30, ішкі: 11-94,
тікелей: 377-31-48.
Электронды мекенжай:
kazuniver2016gazeta@gmail.com

**Бағасы келісім бойынша.
Таралымы 1000 дана
Тапсырыс: №3050**

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.